

Ұлттық әл-ауқат қоры туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 13 ақпандағы N 134-IV Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 1 ақпандағы № 550-IV Заңымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 2012.02.01 № 550-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Қ о л д а н у ш ы л а р н а з а р ы н а !

Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін РҚАО мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 19-баптан қараңыз.

Осы Заң Ұлттық әл-ауқат қорының құқықтық жағдайын, қызмет тәртібін, мақсаттарын, міндеттері мен өкілеттіктерін, сондай-ақ акциялары (қатысу үлестері) Ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі заңды тұлғалардың және Қордың тобына кіретін өзге де ұйымдардың құқықтық жағдайының жекелеген ерекшеліктерін айқындайды.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) жанама иелену - заңды тұлғаның акцияларын (қатысу үлестерін) Қордың немесе компанияның үшінші тұлғалар арқылы иеленуі;
- 2) компаниялар - ұлттық даму институттары, ұлттық компаниялар және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу проценттен астамы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығымен Қорға тиесілі басқа да заңды тұлғалар ;
- 3) Қордың тобы - Қор, компаниялар, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу проценттен астамы компанияларға тиесілі олардың еншілес ұйымдары, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу проценттен астамы компаниялардың көрсетілген еншілес ұйымдарына тиесілі, осы Заңда өздеріне қатысты арнаулы құқықтық жағдай белгіленетін заңды т ұ л ғ а л а р .

Қ о р д ы ң т о б ы н а :

кепілге салынған акцияларын (қатысу үлестерін) өткізу жөніндегі сауда-саттық Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өткізілмеді деп жарияланған кезде акциялары (қатысу үлестері) Қордың тобына кіретін банктің меншігіне келіп түскен заңды тұлғалар;

банк кредиторларының мүдделерін қорғау және Қазақстан Республикасы банк жүйесінің орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қордың меншігіне келіп түскен банктер кірмейді;

4) Ұлттық әл-ауқат қоры (бұдан әрі - Қор) - ұлттық басқарушы холдинг.

2-бап. Қазақстан Республикасының Қор туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының Қор туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3. Акционерлік қоғамдардың құқықтық жағдайын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасы Қордың тобына осы Заңда реттелмеген бөлігінде қолданылады.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбедегі компанияларға Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар туралы заңнамасы қолданылмайды.

3-бап. Қордың мақсаттары мен міндеттері

1. Қор қызметінің негізгі мақсаттары:

- 1) ел экономикасының орнықты дамуын қамтамасыз етуге жәрдемдесу;
- 2) экономиканы жаңғырту мен әртараптандыруға жәрдемдесу;
- 3) компаниялар қызметінің тиімділігін арттыру болып табылады.

2. Қордың міндеттері:

1) қазақстандық экономиканы әртараптандыру бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

2) ұлттық, салааралық және өңірлік ауқымдағы инвестициялық стратегиялық жобаларды әзірлеу және іске асыру;

3) Қазақстан Республикасының экономикасына инвестицияларды тартуға жәрдемдесу;

4) кәсіпкерлік қызметті дамытуға қолайлы жағдайларды мемлекеттік және жеке мүдделерді шоғырландыру арқылы қамтамасыз етуге қатысу, сондай-ақ тиісті өңірдің әлеуметтік жобаларын іске асыру есебінен халықтың өмір сүру деңгейін өсіруге жәрдемдесу және өңірлердегі іскерлік және инвестициялық белсенділікті өсіруге жәрдемдесу;

5) бәсекелестікке қабілетті қазақстандық тауар өндірушілерді құруға және дамытуға жәрдемдесу;

б) отандық тауар өндірушілермен және жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізушілермен өзара іс-қимыл жасау арқылы жергілікті қамтуды қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

7) компаниялардың бәсекелестікке қабілеттілігін оларды корпоративтік басқаруды жетілдіру арқылы арттыру болып табылады.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.29 № 233-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2012.01.09 N 535-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-бап. Қор қызметінің принциптері

Қордың қызметі мынадай принциптерге:

- 1) Қордың жалғыз акционері ретіндегі мемлекеттің мүдделерін сақтауға;
- 2) Қор мен компаниялар қызметінің ашықтығына, тиімділігіне және икемділігіне;
- 3) шешімдерді қабылдау мен оларды іске асырудағы жүйелілік пен жеделдікке;
- 4) жауапкершілік пен есеп берушілікке;
- 5) заңдылыққа негізделеді.

2-тарау. ҚОР ТОБЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

5-бап. Қордың акцияларына меншік мәселелері

Қордың акциялары мемлекеттің айрықша меншігі болып табылады және иеліктен шығаруға жатпайды.

6-бап. Қордың ұлттық әл-ауқатты қамтамасыз етудегі ерекше өкілеттіктері

1. Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен орнықтылығын арттыру, ұлттық әл-ауқатты қамтамасыз ету мақсатында Қордың мынадай ерекше өкілеттіктері бар:

- 1) меншік иелері иеліктен шығаратын стратегиялық объектілерді Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша сатып алудың басым құқығы;
- 2) акцияларының пакеттері (қатысу үлестері) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стратегиялық объектілерге жатқызылған ұйымдардың немесе республика экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар ұйымдардың банкроттығы кезінде конкурстық массаны Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша сатып алудың басым құқығы;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен банктердің акцияларын сатып алу құқығы.

2. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен және шарттарда Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттің атынан немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қор немесе жер қойнауын пайдалану жөніндегі ұлттық компания жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғадағы, сондай-ақ, егер осы заңды тұлғаның негізгі қызметі Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдаланумен байланысты болса, жер қойнауын пайдаланушы қабылдайтын шешімдерді тікелей және (немесе) жанама түрде айқындауға және (немесе) оларға ықпал етуге мүмкіндігі бар заңды тұлғадағы жер қойнауын пайдаланудың иеліктен шығарылған құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) акциялар пакетін (қатысу үлесін) сатып алудың басым құқығына ие болады.

7-бап. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу

1. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерінде көзделген арнаулы тәртібі Қор және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп процентін тікелей немесе жанама түрде Қор иеленетін ұйымдар жүзеге асыратын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қолданылмайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуы "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сай Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін үлгі ережелерге сәйкес Қордың директорлар кеңесі бекітетін ережелер негізінде жүргізіледі.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғалардың сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу рәсімдерін Қордың директорлар кеңесі бекітетін ережелерге сәйкес орындау үшін жауапты құрылымдық бөлімшесі болуға тиіс.

Сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу рәсімдерін орындау үшін жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысын акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп процентін тікелей немесе жанама түрде Қор иеленетін ұйымның директорлар кеңесі (байқаушы кеңесі) лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

4. Қор осы баптың 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғалардың Қордың директорлар кеңесі бекіткен тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

5. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүргізу кезінде осы баптың 1-тармағында көрсетілген тұлғалар:

1) тендерге қатысушыларға ұсынылатын тендерлік құжаттамада тендерге қатысушылардың – отандық тауар өндірушілердің және жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді берушілердің бағаларын шартты түрде төмендету жөніндегі талаптарды көздеуге;

2) отандық тауар өндірушілердің және жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді берушілердің өтінімдерін қарау және тендер жеңімпазын таңдау кезінде бағаларды шартты түрде төмендетуді қолдануға;

3) тендерге қатысушылардың баға ұсыныстары тең болған кезде отандық тауар өндірушілерге және жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық берушілерге артықшылық беруге тиіс.

Жергілікті қамту Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамтуды есептеуінің бірыңғай әдістемесі бойынша айқындалады.

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту бойынша ақпарат индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша және мерзімдерде осы уәкілетті органға ұлттық басқарушы холдинг атынан шоғырландырылған түрде ұсынылады.

6. 1-тармақты қоспағанда, осы баптың ережелері екінші деңгейдегі банктерге (Қазақстан Даму Банкінен және Қазақстанның Тұрғын үй құрылысы жинақ банкінен басқа) қолданылмайды.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.12.29 № 233-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз), 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.09 N 535-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-тарау. ҚОР ТОБЫНДАҒЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

8-бап. Қор органдары

Қ о р о р г а н д а р ы :

- 1) жоғары орган - жалғыз акционер;
- 2) басқару органы - директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган - басқарма;
- 4) Қордың жарғысына сәйкес өзге де органдар болып табылады.

8-1-бап. Қорды басқару кеңесі

Қорды басқару жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау мақсатында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы басшылық ететін

консультациялық-кеңесші орган болып табылатын Кеңес (бұдан әрі – Кеңес) құрылады. Кеңестің құрамы және ол туралы ереже Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітіледі.

Ескерту. Заң 8-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-бап. Қордың жалғыз құрылтайшысы және акционері

1. Қордың жалғыз құрылтайшысы және акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

2. Осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және (немесе) Қордың жарғысында оның жалғыз акционерінің құзыретіне жатқызылған мәселелер жөніндегі шешімдерді Қазақстан Республикасының Үкіметі қ а б ы л д а й д ы .

3. Қордың жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне:

1) Қордың жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа р е д а к ц и я д а б е к і т у ;

2) Қордың жылдық қаржылық есептілігін бекіту;

3) Қордың даму стратегиясын бекіту;

4) Қорды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

5) Қордың жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қордың орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қ а б ы л д а у ;

6) Қордың директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Қордың директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлардың санын өз қалауынша айқындау;

7) Қордың жалғыз акционері айқындаған тізбедегі компаниялардың акцияларын иеліктен шығару, сондай-ақ көрсетілген акцияларды сенімгерлікпен б а с қ а р у ғ а б е р у ;

8) Қордың жалғыз акционері айқындаған тізбедегі компанияларды тарату, қайта ұйымдастыру туралы шешу;

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !

8-1) тармақша 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

8-1) Осы Заңның 10-бабы 3-тармағының 13-1) тармақшасына сәйкес қабылданған Қордың Директорлар кеңесінің шешімін бекіту;

9) Қор басқармасының төрағасын лауазымға тағайындау және лауазымынан мерзімінен бұрын босату;

10) Қордың есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қордың бір

жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшерін бекіту;

11) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайлар басталған кезде жай акциялар бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

12) Қордың дивидендтік саясатын айқындау;

13) Қор "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес акцияларды сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесін бекіту ;

14) басқарма төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және олардың еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы берудің шарттарын айқындау ;

15) банктердің, жинақтаушы зейнетақы қорларының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының акцияларын сатып алу және иеліктен шығару, сондай-ақ көрсетілген акцияларды сенімгерлікпен басқаруға беру; P090644

16) осы Заңға және Қордың жарғысына сәйкес өзге де мәселелер жатады.

4. Қор жалғыз акционері (қатысушысы) болып табылмайтын компанияларға қатысты осы баптың 3-тармағының 8) тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдерді кейіннен компаниялар акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналыстарында Қордың уәкілетті өкілдерінің дауыс беруі мақсатында Қордың акционер (қатысушы) ретіндегі ұстанымын айқындау үшін Қордың жалғыз акционері қабылдайды.

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.12 N 538-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-бап. Директорлар кеңесі

1. Қордың директорлар кеңесі жалғыз акционер сайлайтын төрағадан және мүшелерден тұрады .

2. Қордың директорлар кеңесінің құрамы Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының бірінші басшылары арасынан, Қордың басқарма төрағасынан және өзге тұлғалардан құрылады.

Лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қордың директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады.

3. Қордың директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай:

1) Қордың аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды және оның қызметтеріне ақы төлеудің шекті мөлшерін жылдық бюджетті бекіту шеңберінде айқындау ;

2) Қордың штат санын бекіту;

3) егер Қордың жарғысында осындай тәртіп айқындалмаса, жалғыз

акционерге Қордың қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін айқындау;

4) тәуелсіз директорларға сыйақылардың мөлшері мен оларды төлеу шарттарын айқындау;

5) мәселелерді жалғыз акционердің қарауына шығару туралы шешім қабылдау;

6) акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде жарияланған акциялардың саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

7) Қордың орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

8) басқарманың сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) ішкі аудит қызметінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысын тағайындау, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін және (немесе) Қордың тобындағы бірыңғай орталықтандырылған және өзге ішкі аудит қызметтерін үйлестіру тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы берудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

10) Қордың ішкі қызметін ол бекіткен мәселелер тізбесі бойынша реттейтін құжаттарды бекіту;

11) алып тасталды - ҚР 2011.03.01 N 414-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

12) жасалуына қатысты "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында ерекше шарттар белгіленген мәмілелердің Қордың тобына кіретін ұйымдар арасында жасалу тәртібін айқындау;

13) осы Заңда таратылуы, қайта ұйымдастырылуы туралы шешім Қордың жалғыз акционерінің құзыретіне жатқызылған компанияларды қоспағанда, компанияларды тарату, қайта ұйымдастыру туралы шешу;

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !

13-1) тармақша 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

13-1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімін іске асыру мақсатында ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында орналастырылатын, Қордың тобына кіретін ұйымдар акцияларының бағасы, саны, оларды орналастыру құрылымы туралы шешімін қабылдау;

14) Қордың жылдық бюджетін әзірлеу тәртібін бекіту, жылдық бюджетін бекіту және даму жоспарын бекіту;

15) жиынтығында Қорға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп процентін құрайтын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қордың өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне

қ а т ы с у ы ;

16) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

17) Қордың міндеттемелерін оның өз капиталының он және одан көп процентін құрайтын шамаға ұлғайту;

18) Қордың басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп процентін сатып алуы;

19) Қордың тәуекелдерін басқару жөніндегі саясатты айқындау мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

20) осы Заңға және Қордың жарғысына сәйкес өзге де мәселелер жатады.

4. Қор жалғыз акционері (қатысушысы) болып табылмайтын компанияларға қатысты осы баптың 3-тармағының 13) тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдерді кейіннен компаниялар акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналыстарында Қордың уәкілетті өкілдерінің дауыс беруі мақсатында Қордың акционер (қатысушы) ретіндегі ұстанымын айқындау үшін Қордың директорлар кеңесі қабылдайды.

5. Қордың директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін Қордың корпоративтік хатшысы жасайды. Қордың директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізу тәртібі туралы хабарламаларды Қордың корпоративтік хатшысы жібереді.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.03.01 N 414-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.01.12 N 538-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-бап. Басқарма

1. Қордың басқармасы басқарма төрағасынан, оның орынбасарларынан және өзге де адамдардан тұрады.

2. Қор басқармасының құзыретіне:

1) Қордың акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

2) Қордың бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

3) барлық дауыс беретін акциялары меншік және (немесе) сенімгерлікпен басқару құқығымен Қорға тиесілі компаниялар деңгейінде бірыңғай орталықтандырылған ішкі аудит қызметін құру;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына және компаниялардың жарғыларына сәйкес компаниялар акционерлері (қатысушылары) жалпы жиналысының құзыретіне жататын, олар бойынша шешімдерді (компаниялар

қызметінің мәселелері бойынша осы Заңға сәйкес Қордың жалғыз акционері және директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдерді қоспағанда) Қордың басқармасы немесе басқарма төрағасы қабылдайтын компаниялар қызметі мәселелерінің тізбесін, сондай-ақ осындай шешімдерді қабылдау тәртібін а й қ ы н д а у ;

5) барлық дауыс беретін акциялары (қатысу үлестері) меншік және (немесе) сенімгерлікпен басқару құқығымен Қорға тиесілі компаниялардың атқарушы органдарының басшыларын тағайындау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ осы шешімдерді кейіннен көрсетілген компаниялардың директорлар кеңесінің қарауына шығара отырып, олармен жасалған еңбек қатынастарын мерзімінен бұрын тоқтату;

6) осы шешімдерді кейіннен көрсетілген ұйымдардың директорлар кеңесінің қарауына шығара отырып, Қордың тобына кіретін, барлық дауыс беретін акцияларын (қатысу үлестерін) Қор басқармасы айқындайтын тізбедегі компаниялар тікелей немесе жанама түрде иеленетін ұйымдардың атқарушы органдарының басшыларын тағайындау және олардың өкілеттігін мерзімінен б ұ р ы н т о қ т а т у ;

7) осы ұйымдардың жарғыларында оларды директорлар кеңесін құрмастан басқару мүмкіндіктерін белгілеу туралы шешімді компанияларға қатысты қабылдау немесе Қордың тобына кіретін, барлық дауыс беретін акцияларын тікелей және жанама түрде компаниялар иеленетін өзге ұйымдарға қатысты к е л і с у ;

8) Қордың штат кестесі мен ұйымдық құрылымын бекіту;

9) акцияларының (қатысу үлестерінің) елу проценттен астамы компаниялардың еншілес ұйымдарының меншігінде болатын ұйымдарға өзге заңды тұлғаларды құруға қатысуға және (немесе) олардың акцияларын (қатысу үлестерін) сатып алуға рұқсат беру;

10) Қордың филиалдары мен өкілдіктерін құру туралы шешімдерді қабылдау;

11) Қор немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты айқындау;

12) Қордың облигацияларын, туынды бағалы қағаздарын шығаруының және Қордың өз капиталы мөлшерінің бір процентінен аспайтын сомаға Қордың өзге қарызды тартуының шарттарын айқындау;

13) дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу проценттен астамын тікелей немесе жанама түрде Қор иеленетін заңды тұлғаларға қатысты ү л г і қ ұ ж а т т а р д ы б е к і т у ;

14) компаниялардың даму стратегиялары мен жоспарларын бекіткен кезде оларға қатысты бірыңғай (оның ішінде компаниялар қызметінің салалары

бойынша) қаржылық, инвестициялық, өндірістік-шаруашылық, ғылыми-техникалық және өзге де саясатты қалыптастыру;

15) инвестициялық шешімдер мен инвестициялық жобаларды іске асырудың толықтығы мен мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу жөнінде жедел шаралар қабылдау мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

16) осы Заңда және Қордың жарғысында Қордың басқа органдарының құзыретіне жатқызылмаған өзге де мәселелер кіреді.

3. Қор жалғыз акционері (қатысушысы) болып табылмайтын компаниялар қызметінің мәселелері бойынша осы баптың 2-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген шешімдерді кейіннен компаниялар акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналыстарында уәкілетті өкілдердің дауыс беруі үшін Қордың акционер (қатысушы) ретіндегі ұстанымын айқындау мақсатында Қордың басқармасы немесе басқарма төрағасы қабылдайды.

4. Қор басқармасының осы баптың 2-тармағының 5), 6) тармақшаларында көрсетілген шешімдері барлық дауыс беретін акциялары (қатысу үлестері) меншік және (немесе) сенімгерлікпен басқару құқығымен Қорға тиесілі компанияның немесе Қордың тобына кіретін, барлық дауыс беретін акцияларын (қатысу үлестерін) тікелей немесе жанама түрде компаниялар иеленетін ұйымның директорлар кеңесінің бірауыздан қабылдаған шешімімен қабылданбауы мүмкін.

5. Қор басқармасы төрағасының құзыретіне "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген мәселелермен қатар:

1) компанияларға және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу проценттен астамын тікелей немесе жанама түрде компаниялар иеленетін өзге заңды тұлғаларға тексерулер (ревизиялар) тағайындау туралы шешімдер қабылдау ;

2) барлық дауыс беретін акциялары (қатысу үлестері) Қорға тиесілі компанияларға олардың қызметі мәселелері бойынша орындауы үшін тікелей (жедел) тапсырмалар беру ;

3) осы Заңға және (немесе) Қордың жарғысына сәйкес өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдау жатады.

12-бап. Қордың даму стратегиясы және даму жоспары

1. Қордың даму стратегиясы Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттары негізінде он жылға әзірленеді.

Даму стратегиясын іске асыру мақсатында Қордың даму жоспары бес жылға әзірленеді .

Қордың даму стратегиясын Кеңес мақұлдағаннан кейін Қордың жалғыз акционері бекітеді .

2. Қордың даму стратегиясы мен даму жоспарын әзірлеу, бекіту, оған

мониторинг жүргізу және оны бағалау «Мемлекетті мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.03.01 N 414-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

13-бап. Ақшаны басқару

1. Қор барлық дауыс беретін акциялары (қатысу үлестері) Қорға тиесілі заңды тұлғалардың ақшасын басқару бойынша Қордың директорлар кеңесі бекітетін бірыңғай саясатты іске асырады.

2. Қордың тобына кіретін ұйымдар өзге ұйымдарға, оның ішінде Қордың тобына кіретін ұйымдарға ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен ақшалай нысанда кредиттер (қарыздар) беруге құқылы.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген кредиттерді (қарыздарды) беру тәртібі мен шарттары Қордың директорлар кеңесі бекіткен ішкі кредит саясаты туралы ережелерде айқындалады.

14-бап. Жасалуына қатысты "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында ерекше шарттар белгіленген мәмілелер

Жасалуына қатысты "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында ерекше шарттар белгіленген мәмілелер Қордың тобына кіретін ұйымдар арасында оларды қолданбай, Қордың директорлар кеңесі айқындайтын тәртіппен жасалады.

15-бап. Қордың тобына кіретін ұйымдардың өзге заңды тұлғалардың акцияларын (қатысу үлестерін) сатып алуы

1. Дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу проценттен астамы компаниялардың еншілес ұйымдарының меншігінде болатын ұйымдар өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы емес.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген ережеден ерекше жағдайға Қор басқармасының шешімі бойынша жол беріледі.

Қор басқармасы Қордың тобына кіретін жекелеген ұйымдар үшін олардың өзге заңды тұлғаларды құруға қатысу және (немесе) өзге заңды тұлғалардың акцияларын (қатысу үлестерін) сатып алу тәртібі туралы үлгі ережені бекітуге құқылы.

3. Бағалы қағаздардың қайталама нарығында акционерлік қоғамдардың дауыс беретін акцияларының отыз және одан көп процентін сатып алудың "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында

белгіленген тәртібі Қорға немесе дауыс беретін акцияларының елу проценттен астамын тікелей немесе жанама түрде Қор иеленетін заңды тұлғаларға қатысты қ о л д а н ы л м а й д ы .

Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2011.03.01 N 414-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

16-бап. Мүлікке мемлекеттік меншікті оны Қордың орналастырылатын акцияларын төлеуге енгізу арқылы тоқтату

1. Мемлекеттік меншіктегі мүлік Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қордың орналастырылатын акцияларын төлеуге берілуі мүмкін.

2. Мемлекеттік меншіктегі мүлік Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес Қор меншігіндегі басқа мүлікке айырбастау арқылы Қордың меншігіне берілуі мүмкін.

17-бап. Қордың тобына кіретін компаниялар мен өзге де ұйымдарды басқарудың жекелеген мәселелері

1. Қордың тобында барлық дауыс беретін акциялары меншік және (немесе) сенімгерлікпен басқару құқығымен Қорға тиесілі компания деңгейінде бірыңғай орталықтандырылған ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін. Барлық дауыс беретін акциялары меншік және (немесе) сенімгерлікпен басқару құқығымен Қорға тиесілі компания деңгейінде орталықтандырылған ішкі аудит қызметін құру туралы шешімді Қордың басқармасы қабылдауы мүмкін және бұл шешім өздеріне қатысты компанияның орталықтандырылған ішкі аудит қызметі өз функцияларын жүзеге асыруға құқылы болатын ұйымдардың жарғыларында к ө р с е т і л у г е т и і с .

2. Компанияларда және (немесе) Қордың тобына кіретін, барлық дауыс беретін акцияларын тікелей не жанама түрде компаниялар иеленетін өзге ұйымдарда директорлар кеңестері құрылмауы мүмкін. Осы шешім тиісті қоғамның жарғысында бекітілуге тиіс.

Көрсетілген жағдайда "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді қабылдау қоғамдардың жарғыларында жалғыз акционердің құзыретіне енгізіледі.

3. Барлық дауыс беретін акциялары Қордың меншігінде тұрған компанияның жарғысында "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне кіретін мәселелер, жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді немесе оны жаңа редакцияда бекітуді, ерікті түрде қайта ұйымдастыруды немесе таратуды, директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындауды, оның

мүшелерін сайлауды және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуды, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар беру мөлшері мен шарттарын айқындауды, "алтын акцияны" енгізуді және оның күшін жоюды қоспағанда, көрсетілген компанияның директорлар кеңесінің құзыретіне ж а т қ ы з ы л у ы м ү м к і н .

4. Барлық дауыс беретін акциялары Қордың меншігінде тұрған компанияның жарғысында "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне кіретін мәселелер, қызметтің басым бағыттарын айқындау, акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау; қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау; атқарушы органның сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін (атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаны) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату; атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің (атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның) лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және олардың еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы берудің шарттарын айқындау; ішкі аудит қызметінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысын тағайындау, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің және сыйлықақы берудің мөлшері мен шарттарын айқындау; корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттігінің мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық айлықақысының мөлшерін және оған сыйақы беру шарттарын айқындау мәселелерін қоспағанда, көрсетілген компанияның атқарушы органының құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

4-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

18-бап. Қордың және оның лауазымды адамдарының жауаптылығы

Қор және оның лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен және негіздерде жауаптылықта болады.

19-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң, 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 6-баптың 1-тармағының 3) тармақшасын және 9-баптың 3-тармағының 15) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заңның 9-бабының 3-тармағы 8-1) тармақшасы және 10-бабы 3-тармағының 13-1) тармақшасы 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.12 N 538-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Президенті

*Қазақстан Республикасының
Н. Назарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК